



Білім беру бағдарламасы

Дайындық бағыты: 6B017 – Тілдер және әдебиет бойынша мұғалімдер дайындау

ҰБШ бойынша деңгей: 6

СБШ бойынша деңгей: 6

Берілетін дәреже: 6B01704 «Қазақ тілі мен әдебиеті және түрік тілі»

білім беру бағдарламасы бойынша білім бакалавры

ББ шифры и атауы: 6B01704 «Қазақ тілі мен әдебиеті және түрік тілі»

Түскен жылы: 2023

Кафедра мәжілісінде қаралды
№ 9 хаттама «21» 04 2023 жыл

Кафедра меңгерушісі Бекмашева А.Н.
(қолы) (ТАӨ)

Факультет кеңесі отырысында талқыланды
№ 9 хаттама «24» 04 2023 жыл

Факультет деканы Раманова А.А.
(қолы) (ТАӨ)

ОӘК отырысында мақұлданды
№ 8 хаттама «27» 04 2023 жыл

Оқу ісі жөніндегі проректор Машанова С.А.
(қолы) (ТАӨ)

Келісілді:

Орал қаласы, №19 ЖОБЕМ директоры
(лауазымы, ұйым атауы)

Давлетов Талгат Рахимович
(аты-жөні)

Орал қаласы, №40 ЖОБЕМ директоры
(лауазымы, ұйым атауы)

Бакытжанова Асем Самиголлаевна
(аты-жөні)

БҚО дарынды балаларға арналған мамандандырылған
«Білім-инновация» мектеп-лицей-интернаты КММ директоры
(лауазымы, ұйым атауы)

Жумажанов Елнур Кабидуллаевич
(аты-жөні)

Орал жоғары гуманитарлық-экономикалық колледжінің директоры
(лауазымы, ұйым атауы)

Габдуллина Зухра Мендибаевна
(аты-жөні)

**6B01704 «Қазақ тілі мен әдебиеті және түрік тілі» білім беру бағдарламасының
Мазмұны**

1	Білім беру бағдарламасының паспорты	4
2	Пәндер сипаттамасы	7
3	Модульдер сипаттамасы	21
4	Оқу жоспары	32

I. Білім беру бағдарламасының паспорты

Тіркеу нөмірі	
Білім беру саласының коды және жіктеуіші	6B01 Педагогикалық ғылымдар
Даярлау бағытының коды және жіктеуіші	6B017 Тілдер мен әдебиет бойынша мұғалімдер дайындау
Білім беру бағдарламаларының тобы	B017 Қазақ тілі мен әдебиеті мұғалімдерін дайындау
Білім беру бағдарламасының шифрі және атауы	6B01704 – Қазақ тілі мен әдебиеті және түрік тілі
Дайындық бағытына лицензиясының нөмірі	№ KZ70LAA00005828, 30.09.2015 ж., (№065, 01.04.2019 ж.)
Бағдарламаның аккредиттелуінің бар болуы	-
БББ түрі	Инновациялық білім беру бағдарламасы
БББ мақсаты	Қазіргі заманғы білім берудің талаптарына сай кәсіби және педагогикалық дағдыларды меңгерген, сыни тұрғыда талдау жасай алатын, қазақ тілі мен әдебиеті бойынша теориялық және әдіснамалық білімді, сондай-ақ шетел тілін (түрік тілін) меңгерген, оқытудың инновациялық технологияларын кәсіби тұрғыда қолдана алатын, білім беру саласының бәсекеге қабілетті және жоғарғы білікті мамандарын дайындау.
БББ міндеттері	1. Оқытудың жаңа технологиясын жетік меңгерту және оны жұмыс барысында оңтайлы пайдалана білуге үйрету; 2. Қазақ тілінің фонетикалық, лексикалық, морфологиялық, сөзжасамдық және синтаксистік құрылымы мен теориялық мазмұнын терең меңгерту; 3. Жалпы тіл біліміндегі осы заманғы ғылыми концепциялар мен жетістіктер туралы мәліметтер беру; 4. Ұлттық әдебиеттің жалпы даму жолы, белесті кезеңдері, көркемдік-эстетикалық мәселелері жөнінде түсінік қалыптастыру; 5. Сөз өнері, әдеби шығарма, көркемдік категориялар жөнінде терең теориялық білім беру; 6. Қазақ тілі мен әдебиетін оқытудың әдістемелік мәселелерін терең меңгерту.
Кәсіптік стандарт негізінде әзірленді (бекітілген күні) (егер болған жағдайда)	«Педагог», Қазақстан Республикасы Ағарту министрінің м.а. 15.12.2022 жылғы №500 бұйрығымен бекітілген
ҰБШ бойынша деңгей	6
СБШ бойынша деңгей	6 (1)
Оқыту нәтижелері	ОН 1 қоғамда болып жатқан әлеуметтік, экономикалық құбылыстар мен үдерістерді бағалайды, Қазақстанның тарихи дамуының негізгі кезеңдерін, заңдылықтарын және өзіндік ерекшелігін терең түсінеді, ғылымда бар концепция, теория мен бағыттарға сыни тұрғыдан талдау жасайды; ОН 2 түрік тілінің тарихы, оның қалыптасуы мен даму ерекшеліктері туралы білімдерін көрсетеді; түрік тілінің фонетикалық, грамматикалық құрылысын, лексикалық құрамын оқып меңгеру арқылы түрік тілінде ауызша және жазбаша түрде еркін қарым-қатынас жасайды; ОН3 қазіргі қоғамдағы этикалық нормаларды меңгереді, экологиялық мәселелерді талдайды, құқықтық сауаттылықтың маңызын түсінеді, дене шынықтыру әдістері мен құралдары арқылы толыққанды әлеуметтік және кәсіби қызметті қамтамасыз ету үшін салауатты өмір салтын ұстанады; ОН4 қазақ әдебиеттану ғылымының тарихы мен теориясын терең меңгереді, оның жанрын, жаңа бағыттарын, бұрынғы және қазіргі таңдағы өзекті проблемаларын таниды, оларға ғылыми принцип негізінде талдау жасайды; ОН5 қазіргі түрік әдебиеті мен фольклорының қалыптасу және даму кезеңдері туралы білімін көрсетеді, қазіргі түрік әдебиетіне тән басым әдеби бағыттарды бағалайды, әлемдік әдеби даму процесіндегі түрік әдебиетінің орнын анықтайды; ОН 6 қазақ тілін, әдебиеті мен түрік тілін оқытудың инновациялық әдістерін меңгереді, кәсіби қызметінде ақпараттық-коммуникациялық технологиялардың әр алуан түрлерін қолданады; ОН 7 түрік тілінде түрлі тақырыпта диалог құрады, әр алуан жанрдағы күрделі мәтіндермен жұмыс жасайды және түрік

	тілінің грамматикалық ережелерін қолдана отырып, оларды қазақ тіліне еркін аудар алады; ОН8 мемлекеттік, орыс және шет тілдерінде тұлғааралық әлеуметтік және кәсіби қарым-қатынас жасау қабілеттерін дамытады, ауызша және жазбаша түрде қарым-қатынас жасай біледі, грамматикалық ережелерді сауатты қолдана алады; ОН 9 академиялық жазылым дағдыларын меңгере отырып зерттеу жұмыстарын жүргізеді, ғылыми мәтін құрастыруды, дереккөздермен, ақпараттар легімен жұмыс жасауды, ақпаратты сыни тұрғыдан бағалауды, кәсіби мәтіндік құжаттар әзірлеуді, академиялық адалдық қағидаттарын сақтауды біледі; ОН 10 тіл білімінің тарихи мен теориялық мәселелерін түсінеді: фонетика, морфология, лексика, синтаксис, стилистика және қазіргі заманғы жаңа бағыттар бойынша білімдерді игереді, қазақ жазуының тарихын, орфографиясы мен пунктуациялық негіздерін біледі. ОН 11 Білім алушылардың ерекшеліктері мен қажеттіліктерін ескере отырып, сабақ жоспарларын жасайды, оқытудың тиісті әдістемелері мен бағалау құралдарын анықтайды, оқушылардың жас және жеке даму заңдылықтарын біледі, оқу-тәрбие жұмысын жоспарлайды және жүргізеді, педагогикалық ұжымдағы қарым-қатынастарды ұйымдастыру мен басқаруда педагогикалық менеджмент дағдыларын пайдаланады. ОН 12 психологияның, педагогиканың негізгі категорияларын, теориялық мәселелерін зерттейді, олардың негізгі тұжырымдамаларын қоғамның жалпы проблемаларымен, өмірдегі жағдайлармен байланыстырады, оқу-тәрбие жұмысындағы инклюзивтік білім беру ерекшеліктерін біледі.
Оқыту тілі	Қазақ
Академиялық кредиттер көлемі (ECTS)	240
Берілетін академиялық дәреже	6B01704 - «Қазақ тілі мен әдебиеті және түрік тілі» білім беру бағдарламасы бойынша білім бакалавры
Кәсіби қызмет ету саласы	Білімдік (педагогикалық) қызмет саласында: - қазақ тілі мен әдебиетінің қазіргі жағдайы, оның басқа білім салаларымен өзара байланысы, оның даму болашағы мен оқытудың әдістемелік негіздері туралы түсінігі, келешек кәсібінің әлеуметтік маңызын және мәнін түсінуі; - аталмыш мамандық пәндеріне сәйкес қазақ тілі мен әдебиеті саласының негізгі түсініктерін, заңдылықтары мен әдістерін және кәсіби іс-әрекетінде туындайтын міндеттерді шешуде ғылымның қазіргі жетік, жаңашыл әдістерін қолдануды, педагогиканың, психологияның және әдістеменің теориялық әрі қолданбалық аспектілерін меңгеру; - қазақ тілі мен әдебиетін оқытудың әдістері мен тәсілдерін, сынақ қою мен жоспарлауды, нәтижелерін талқылау және талдауды, сабақты өткізу және жоспарлауды, инновациялық әдіс-тәсілдерді, жаңа технологияларды, аударма мәселесін, теориялық және тәжірибелік міндеттерді шешуді меңгеру; - педагогикалық және ақпараттық технологияларды тиімді пайдалану. Оқу-тәрбиелік қызмет саласында: - сыныптан тыс тәрбие жұмысын жүйелік, кешендік және сабақтастық принципін ескере отырып жоспарлауы; - өз пәні бойынша сыныптан тыс жұмыстың оңтайлы формалары мен әдістерін таңдау және қолдануы; - оқушылар ұжымымен, сол сыныпта сабақ беретін мұғалімдермен, ата-аналармен педагогикалық өзара байланыс орната білуі. Оқу-технологиялық қызмет саласында: - ақпараттық көздерді (мультимедиялық оқыту бағдарламаларын, электронды оқулықтарды, ТВ-технологияларды, интернеттік жүйелер) пайдалануы; - кейін субкомпетенциялар мен құзыреттерге айналатын интегративтік білімдер мен біліктерді меңгеру; - жұмыста кездесетін келеңсіз жағдайларды талдау (келеңсіз жағдайларды шешу әдісін меңгеру); - кәсіби қызметке қатысты тапсырмаларды әзірлеу әдісін меңгеру; - топтық пікірталас негізінде топтық шешім қабылдау, шығармашылық міндеттерді шешу, жобалау болып табылады.

	Әлеуметтік-педагогикалық қызмет саласында: - тілдік білім беру тұжырымдамасын білу. Эксперименттік-зерттеу қызметі саласында: - оқу-тәрбие процесін бақылау, бақылап отырған фактілер мен құбылыстарды талдау және олардың себеп-салдар байланыстарын анықтау, олардың дамуын болжау; - сынып ұжымының ерекшеліктерін, оқушылардың мүдделерін, олардың оқып отырған пәнге қатынасын талдау; - оқу материалын, оқыту құралдарын талдау, күтілетін нәтижелерді болжау; - өзінің кәсіби әрекетін, оқушылардың оқу әрекетін талдау; - баспа және ақпараттық көздерден ғылыми ақпаратты іріктеп алып, сын елегінен өткізу арқылы пайдалану; - барлық бақыланып және талданып отырған құбылыстарды белгілі теориялық-әдіснамалық тұрғыдан түсіндіруі; - процесс нәтижелерін анықтайтын негізгі факторларды бөліп көрсетуі; - қол жеткен және тиісті нәтижелерді салыстыру, оның белгілі тұжырымдамалық негізде даму перспективасын болжау; - ғылыми ақпаратты іріктеу және сын елегінен өткізе отырып пайдалануы; - әмбебап жапсы ғылыми таным әдістерін меңгеру; - күрделі емес әдістемелік экспериментті жоспарлау және өткізуі; - зерттеудің дидактикалық тиімді нәтижелерін өзінің кәсіби-педагогикалық әрекетіне енгізуі; - эксперименттік-зерттеу жұмысының позитивті нәтижелерін баяндама, хабарлама, ғылыми мақала, әдістемелік құрал түрінде рәсімдеу және насихаттауы. Ұйымдастырушылық-басқару қызметі саласында: - оқыту әрекетін жоспарлау барысында қазақ тілі мен әдебиетін меңгерудің объективтік заңдылықтарын ескеруі; - сабақтың нақты мақсаты мен міндеттерін анықтау, оқушылардың ортақ әрекетінің бағдарламасын белгілеуі; - нақты сабақтың мақсаты мен түріне сәйкес оқу материалын жоспарлауы; - өзінің кәсіби әрекетін қазақ тілі мен әдебиеті пәні мазмұны мен оқу процесін ұйымдастыруға қойылатын қазіргі талаптар тұрғысынан жоспарлауы; - өз әрекетін және оқушылар әрекетін сабақтың белгілеген жоспарын жүзеге асыру мақсатында ұйымдастыруы; - өткізілген және қатысқан сабақ нәтижелерін талдауы; - бақылаудың әдістемелік мақсатын анықтауы; - бақылау нысанын бөліп көрсету, олардың сол сыныпқа арналған бағдарлама деңгейіне сәйкестігін орнатуы.
Кәсіби қызмет нысаны	- мектепке дейінгі оқыту және тәрбиелеу ұйымдары; - бастауыш, негізгі және бейіндік мектептер; - мамандандырылған мектептер; - техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдары болып табылады.

3. Пәндер сипаттамасы

№	Пәннің атауы	Пәннің қысқаша сипаттамасы	Кредит саны	Қалыптасатын білім беру нәтижелері (кодтар)												
				О Н1	ОН 2	ОН 3	ОН 4	ОН 5	ОН 6	ОН 7	ОН 8	ОН 9	О Н 10	О Н 11	О Н1 2	
1.	Қазақстан тарихы	Пәннің мақсаты - Қазақстан тарихының ежелгі дәуірден қазіргі заманға дейінгі негізгі даму кезеңдері туралы объективті тарихи білім беру. Пәнді оқу барысында келесі аспектілер қарастырылады: Қазақстан тарихын зерттеудің идеологиялық негіздері. Қазақ мемлекеттілігінің ежелгі, орта ғасырлардан, жаңа және қазіргі заманнан негіздері мен сабақтастығы. Мемлекеттің саяси, әлеуметтік - экономикалық мәдени генезисін жүйелеу. Қоғамның саяси қарама-қайшылығы. Мемлекеттің кеңестік үлгісінің құрылысы. XX ғасырдың екінші жартысындағы Қазақстандағы кеңестік реформалардың оң және керіс салдарлары. XXI ғасырдағы тарихи процестер. Қазіргі қазақстандық даму үлгісінің ерекшеліктері. Ежелгі заманнан бүгінгі күнге дейін Қазақстан аумағындағы тарихи процестің негізгі кезеңдері мен ерекшеліктері туралы толық түсінік қалыптастыру.	5	+												
2.	Философия	Пәннің мақсаты - студенттердің философияны дүниені танып-білудің ерекше формасы ретінде түсінуін қалыптастырып, олардың келешек кәсіби қызметтері аясында оның негізгі тараулары, мәселелері мен әдістері туралы тұтас білім беру. Пәнді оқу барысында білім алушылар философияның даму кезеңдері, қазақ философиялық ойының ерекшелігі туралы білім алады, философияның негізгі мәселелерімен, ұғымдарымен және категорияларымен танысады. Қазіргі заманғы маманды даярлау жүйесіндегі философияның рөлі оның зерттеу объектісімен анықталады, ол адам және оның табиғатпен және қоғаммен байланысы ретінде қарастырылады. Ол адамның дүниетанымдық, адамгершілік және мағыналық өмірлік бағдарларын қалыптастырады.	5	+												

3.	Экология, бизнес және құқық негіздері	Мақсаты - білім алушылардың экология, бизнес, құқық, сондай-ақ кәсіпкерлік дағдылары саласындағы құзыреттілігін қалыптастыру. Пән бизнесті ұйымдастыру, жұмыс істеу мәселелерін, кәсіпкерлік қызметтің ұйымдық-құқықтық нысандары мен түрлерін, бизнес-жоспарлауды, ҚР Азаматтық құқығының негіздерін, әлеуметтік-экономикалық процестерді ғылыми зерттеу әдістерін, сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениет негіздерін, экология және тіршілік қауіпсіздігі ұғымын, қоршаған ортаның ластану мәселелерін оқытады.	5			+									
4.	Қазақ (орыс) тілі	Пәннің мақсаты - деңгейлік дайындыққа сәйкес сөйлеу әрекетінің түрлерін сәтті меңгеру. Пән әртүрлі тұрмыстық, әлеуметтік-мәдени жағдайларда тілді меңгеру дағдыларын қалыптастыруға және жетілдіруге, кәсіби қарым-қатынас, коммуникативтік мақсатқа және қарым-қатынастың кәсіби саласына сәйкес ауызша және жазбаша сөйлеуді өндіру дағдыларын қалыптастыруға, бұл білім алушылардың өзіндік жұмысын жандандыруға ықпал ететін қазақ (орыс) тілінде өнімді тілдік іс-жүргізудің нысандарын дамытуға бағытталған.	10							+					
5.	Шетел тілі	Пәннің мақсаты - білім беру процесінде студенттердің шетел тілінде мәдениетаралық - коммуникативтік құзыреттілігін жоғары және базалық жеткілікті деңгейде қалыптастыру. Пән шетел тілінің лексикасы мен тілдік ерекшеліктерін игеруге, коммуникативтік-функционалдық құзыреттілікті қалыптастыруға, жеке тұлғаның мәдениетаралық қарым-қатынас қабілеті ретінде мәдениетаралық құзыреттілікті қалыптастыруға бағытталған.	10							+					
6.	Ақпараттық-коммуникациялық технологиялар	Пәннің мақсаты - білім алушыларға кәсіби қызметтің, ғылыми-практикалық жұмыстың әртүрлі салаларында, өз бетінше білім алуында және басқа да мақсаттар үшін заманауи ақпараттық-коммуникациялық технологияларды пайдалануға мүмкіндік беретін кәсіби және тұлғалық құзыреттіліктерді меңгерту. Практикалық мақсатпен қатар студенттердің ой-өрісін кеңейтуге, жалпы мәдениеті мен білімін арттыруға ықпал ететін оқу-тәрбиелік мақсаттарды жүзеге асырады.	5						+						
7.	Әлеуметтік-саяси білім модулі (әлеуметтану,	Пәннің мақсаты - «Болашаққа бағдар: қоғамдық сананың жаңғыруы» мемлекеттік бағдарламасында айқындалған қоғамдық сананы жаңғырту міндеттерін шешу мәнісінде (контекстінде) білім алушылардың	8	+											

	саясаттану, мәдениеттану, психология)	әлеуметтік-гуманитарлық дүниетанымын қалыптастыру. Пән әлеуметтануды, саясаттануды және мәдениеттануды, психологияны оқуды қамтиды, олардың әрқайсысының өзіндік пәні, терминологиясы және зерттеу әдістері бар. Аталған ғылыми пәндер арасындағы өзара іс-қимыл ақпараттық толықтыру қағидаттары; интегративтілік; осы пәндердің зерттеу тәсілдерінің әдіснамалық тұтастығы; нәтижеге бағдарланған оқыту әдіснамасының ортақтығы; қалыптасқан қабілеттер ретінде оқыту нәтижелерінің типологиясын бірыңғай жүйелі ұсыну негізінде жүзеге асырылады.													
8.	Дене шынықтыру	Пәннің мақсаты-студенттердің әлеуметтік-жеке құзыреттіліктерін және кәсіби қызметке дайындалу үшін денсаулықты сақтауды, нығайтуды қамтамасыз ететін дене шынықтыру құралдары мен әдістерін мақсатты пайдалану қабілетін қалыптастыру. Пән тиімді кәсіби еңбекке қабілеттілікті және денсаулық сақтау үшін өмірлік маңызды дене қасиеттерін дамыту жолында дене шынықтыру және спортты қолдану бойынша базалық ғылыми-негізделген білім беруге, дене шынықтыру мен спорттың әлеуметтік-мәдени тәжірибесі мен әлеуметтік-мәдени құндылықтарын дамыту бойынша әртүрлі дағдылар мен қабілеттерге ие болуды қамтамасыз етуге бағытталған.	8			+									
9.	Оқушылардың даму физиологиясы	Пәннің мақсаты - оқушылардың анатомиялық - физиологиялық ерекшеліктері, әртүрлі жастағы өсу және даму заңдылықтары, денсаулығын сақтау және нығайту жолдары, өскелең ағзаның қоршаған ортамен қарым-қатынасы туралы білімді меңгеру. Пән балалар мен жасөспірімдердің организмінің функционалдық мүмкіндіктерін жетілдіру үшін үйлесімді даму, денсаулығын сақтау, нығайту мәселелерін оқытуға бағытталған.	4			+									
10.	Педагогика	Мақсаты - студенттердің балаларды оқыту, тәрбиелеу саласындағы теориялық білімдері мен практикалық дағдыларын қалыптастыру. Пән педагогика ғылымының әдіснамалық негіздері туралы теориялық білімді қалыптастыруға, педагогикадағы тәрбие мақсатын айқындауға, тәрбие жұмысының әдістемесінің негіздерін игеруге, қазіргі заманғы тәрбие негіздерін меңгеру арқылы тұлғаның негізгі мәдениеттерін қалыптастыруға, дидактика туралы түсінік беруге, педагогикалық процесте диагностика	4												+

		жүргізуге, оқу процесінде заманауи педагогикалық технологияларды қолдану дағдыларын қалыптастыруға бағытталған.													
11.	Оқу (таныстыру) практикасы	Оқу (таныстыру) практикасының мақсаты студенттердің педагог мамандығына тұрақты қызығушылығы мен оң көзқарасын дамыту, студенттердің жалпы мәдени және кәсіби құзыреттілігін дамыту болып табылады. Оқу (таныстыру) практикасы болашақ кәсібінің мәні мен мазмұнын түсінуге, шешілетін нақты педагогикалық міндеттер, оқу-тәрбие жұмысындағы бүгінгі заман талаптары туралы түсінік қалыптастыруға бағытталады.	2												+
12.	Инклюзивті білім беру	Мақсаты - инклюзивті білім беру жүйесі, инклюзивті білім беруді дамытудың тұжырымдамалық тәсілдері, әдістемелік және ғылыми-әдістемелік сүйемелдеу туралы тұтас түсінік қалыптастыру. Пән ерекше білім беру қажеттілігі бар балаларды оқыту, тәрбиелеу, дамыту мен әлеуметтік бейімдеу, психологиялық-педагогикалық сүйемелдеу түрлерін қолдануға, қысқа, орташа және ұзақ мерзімді мектептерде ерекше білім беру қажеттілігі бар оқушыларға қолдау көрсету жолдарымен таныстыруға бағытталған.	5												+
13.	Кәсіби орыс тілі	Пәннің мақсаты - деңгейлік дайындыққа сәйкес сөйлеу әрекетінің түрлерін сәтті меңгеру. Пән әртүрлі тұрмыстық, әлеуметтік-мәдени жағдайларда тілді меңгеру дағдыларын қалыптастыруға және жетілдіруге, кәсіби коммуникативтік мақсатқа және қарым-қатынастың кәсіби саласына сәйкес ауызша және жазбаша сөйлеу дағдыларын қалыптастыруға, орыс тілінде өнімді тілдік іс-жүргізудің нысандарын дамытуға бағытталған.	4								+				
14.	Кәсіби бағытталған шетел тілі	Пәннің мақсаты - студенттердің шетел тілінде мәдениетаралық - коммуникативтік құзыреттілігін жоғары және базалық жеткілікті деңгейде қалыптастыру. Пән шетел тілінің лексикасы мен тілдік ерекшеліктерін игеруге, коммуникативтік-функционалдық құзыреттілікті қалыптастыруға, жеке тұлғаның мәдениетаралық қарым-қатынас қабілеті ретінде мәдениетаралық құзыреттілікті қалыптастыруға бағытталған.	4								+				
15.	Білім берудегі менеджмент	Мақсаты - менеджментті дамытудың негізгі кезеңдері туралы теориялық білім беру, білім алушыларды басқару педагогикасы мен психологиясымен таныстыру. Курс мектеп менеджері қызметінің теориялық негіздерін, олардың басқару құзыреттерін, тиімді шешім қабылдау, қабылданған шешімдердің орындалуын ұйымдастыру	5											+	

		жолдарын, білім беру мекемелерінің, білім беру процесінің әрбір қатысушысының тиімді жұмыс істеуіне тиісті жағдайлар жасау жолдарын оқытуға бағытталған.													
16.	Тәрбие жұмысының теориясы мен әдістемес	Мақсаты - тәрбие қызметін ұйымдастыру және жүзеге асыру технологиясын, тәрбие жұмысы әдістемесінің негізгі мәселелерін оқытуда кәсіби-педагогикалық құзыреттілікті қалыптастыру. Пән білім алушылардың тәрбие процесінің мазмұны, мектеп пен сыныптың тәрбие жүйесі, қазіргі мектептің тәрбие жұмысы процесінде педагогикалық сүйемелдеу бойынша білім базасын қалыптастыруға, ҚР-дағы тәрбие тұжырымдамасының негіздерімен танысуға, мектептегі тәрбие жұмысын жоспарлау технологиясы мен әдістемесін зерделеуге бағытталған.	4											+	+
17.	Білім берудегі IT/ Оқыту мен бағалаудағы сараланған тәсіл әдістемесі	Мақсаты - үздіксіз оқытуға бағдарланған мобильді және интернет-технологияларды, оның ішінде қашықтықтан білім беру технологияларын пайдалану дағдыларын қалыптастыру арқылы педагогтің кәсіби құзыреттілігін қалыптастыруға жәрдемдесу. Курс білім алушылардың интернет-ресурстарды, цифрлық білім беру ресурстарын, мобильді, бұлтты технологияларды және түрлі оқыту платформаларын пайдалану, оқыту процесінде оқушылардың жеке ерекшеліктерін ескеріп оқыту және бағалау дағдыларын қалыптастыруға бағытталған.	4						+					+	
18.	Академиялық сауаттылық	Мақсаты – білім алушылардың әртүрлі ақпаратпен жұмыс істеу, өзгелердің ойларын талдай білу, өзіндік идеяны ұсына отырып, оны негіздей білу дағдыларын қалыптастыру. Пән академиялық жазылымды, бағалау өлшемдерін (қазақстандық және батыс оқыту жүйесіндегі академизм талаптары, ғылыми мақала, тезис, аңдатпа, абстракт, ғылыми жоба жазу) оқытуға, академиялық этика және академиялық адалдық, кәсіби қызметтегі академиялық сауаттылық дағдыларын қалыптастыруға бағытталған.	4									+			
19.	Фольклорлық мұралар әдебиеті	Мақсаты – білім алушыларды ауыз әдебиеті мұраларының жиналу, жариялану, зерттелу жай-күйін жан-жақты хабардар ету, оларға фольклорлық мұралардың генезисін, тарихилығын, жанрлық белгілерін ұғындыру. Курс фольклорды жинаудың маңызын, мақсаты мен шарттарын, ерекшеліктері мен тәсілдерін, фольклорды жариялаудың шарттары мен түрлерін, фольклорды зерттеудің түрлері мен мақсат-бағыттарын, оқу-ағарту мақсаттағы еңбектерді, ғылыми және ғылыми-	4					+							

		көпшілік зерттеулерді қарастырады.													
20.	Әдебиеттану негіздері	Мақсаты – әдебиет теориясы ауқымындағы поэтика, стиль, жанр тәрізді негізгі мәселелермен қатар әдебиет тарихын зерттеу аялары мен жолдары, историография, библиография пәндерінің мән-сыры, текстология мен әдебиет сынының теориялық, практикалық ерекшеліктері туралы студенттердің білімін қалыптастыру. Курста сөз өнерінің қалыптасу тарихы, әдеби ойдың даму тарихы, өлең туралы ғылыми пайымдаулар, өлең өлшемдері, әдеби процесс оқытылады.	4				+								
21.	Психологиялық қ- педагогикалық практика	Психология-педагогикалық практиканың мақсаты – студенттерде білім беру процесін ұйымдастыру және оның жүзеге асуы туралы, психологиялық-педагогикалық қызмет, тұлғаның жеке дамуындағы және білім алушылар ұжымын оқыту мен тәрбиелеудегі психологиялық-педагогикалық сүйемелдеу туралы тұтас түсінікті, зерттеу құзыреттілігін қалыптастыру.	2											+	+
22.	Қазақ тілін оқыту әдістемесі	Мақсаты - студенттерге мектепте қазақ тілін оқытудың әдіснамалық негіздері мен әдістемелік жүйесін, тілді меңгерудің практикалық жолдарын үйрету, оқыту процесінің ерекшеліктерін теориялық және практикалық тұрғыдан меңгерту. Курсты оқыту барысында сабақ өткізудің әдіс-тәсілдері, мазмұны, формалары, инновациялық технологияларды пайдалану жолдары, қазақ тілін оқыту әдістемесінің ұстанымдары, қазақ тілінің фонетикасын, лексикасы мен фразеологиясын, морфологиясын, синтаксисін оқыту әдістемесі қарастырылады.	4						+						
23.	Қазақ әдебиетін оқыту әдістемесі	Мақсаты - әдеби білім беруде оқу процесін ұйымдастыру түрлерін, әдеби шығарманы оқып-үйренудің жолдары мен амалдарын, көркем шығармаларды жанрлық сипатына қарай оқыту тәсілдерін іс жүзінде қолдана білу дағдыларын қалыптастыру. Курс мектептегі әдебиет пәнінің құрылымы мен мазмұнын, көркем шығарманы оқыту, талдау жолдарын, әдебиетті, әдебиет теориясын оқыту әдістерін, әдебиет бойынша оқу және сыныптан тыс жұмыстарын қарастырады.	4						+						
24.	Педагогикалық практика	Мамандық бойынша кәсіптік қызмет түрлері, олардың функциялары міндеттері. Инновациялық технологиялар, еңбек пен өндірістің озық әдістер. Сабақ жоспары, әдістері, тәсілдері. Мектеп мұғаліміне қойылатын талаптар, игеруге қажетті икем-дағдылар. Кәсіптік-педагогикалық біліктілік. Педагогикалық практикаға	6						+					+	+

		қойылатын талаптар. Практика бойынша жүргізілетін жұмыстар, қажетті құжаттар. Тұлғалық-бағдарлы білім беру жағдайында білім беру және тәрбиелеудің жаңа заманғы технологияларын меңгеру.													
25.	Өндірістік-педагогикалық практика	Өндірістік педагогикалық практикаға қойылатын талаптар, мақсаты мен міндеттері. Мамандық бойынша теориялық білімі мен практикалық дағдылар, нақты ғылыми, техникалық, экономикалық, өндірістік, сонымен қатар мәдени мақсаттар. Пән мұғалімінің және сынып жетекшісінің оқыту-әдістемелік құжаттамаларымен танысу. Бекітілген сыныптағы мектеп оқушыларының рухани тәрбие деңгейін анықтау.	15						+					+	+
26.	Тіл біліміне кіріспе	Мақсаты - студенттерде лингвистикалық ойлау деңгейін қалыптастырып, тілдік бірліктерді қажетті тілдік жағдаяттарға сай түрлендіру, лингвистикалық талдау жасау дағдыларын қалыптастыру. Курста тіл білімінің нысаны және пәні, ғылымдар жүйесіндегі орны, тілдің жүйесі мен құрылымы, жазу теориясы мен тарихы, тіл білімінің фонетика, лексикология саласы, тілдің сөздік құрамы, фразеология, тілдің грамматика саласы, грамматикалық тәсілдер мен амалдар, категориялар, әлем тілдерінің топтастырылуы оқытылады.	4										+		
27.	Орфография және пунктуация негіздері	Мақсаты - қазақ орфографиясы мен пунктуациясы, оның қағидаттарын, жазу ережелерін таныту, қазақ ұлттық жазуының тарихы мен қазіргі жазу реформасы туралы қажетті ақпарат беру, жазу қағидаттарын ажырата білу, талдау, латын графикасы негізіндегі жаңа қазақ әліпбиі мен емлесін меңгерту арқылы студенттердің тілдік құзыреттерін дамыту, жаңа қазақ әліпбиі мен жаңа емле жобасы бойынша жазылым дағдыларын жетілдіру.	4										+		
28.	Қазіргі қазақ тілінің фонетикасы	Мақсаты - тіл табиғатын дәл танытатын сингармониялық теория арқылы қазақ тілінің фонетикалық құрылымын меңгерту, қазақ тілінің сегментті, просодикалық және суперсегментті бірліктері бойынша кешенді-сатылық фонетикалық талдау дағдыларын игерту. Курста сингармонизм құбылысы, фонологиялық функциясы, морфофонологиялық құбылыстар, оның фонетикалық құбылыстардан айырмашылығы, позициялық өзгерістер, орфография мен орфоэпияға қатысы, қазақ тілінің сингармо-орфоэпиялық нормасы, фонетикалық транскрипция қарастырылады.	5										+		
29.	Қазақ жазуының	Мақсаты - болашақ педагог-филолог мамандарға қазақ жазуы реформасының өзекті мәселелері бойынша	5											+	

	тарихы және латын графикасы	теориялық және практикалық білімдерін қалыптастыру. Курста қазақ графикасы, көне түркі жазуы, араб жазуына негізделген қазақ жазуы, А.Байтұрсынұлының әліпбиі, латын графикасына негізделген қазақ жазуы, кириллицаға негізделген қазақ жазуы, ұлттық әліпби деңгейіне жету жолы, жаңа қазақ әліпбиі, жаңа емлелік заңдылықтар, жаңа жазудың ерекшеліктері оқытылады.												
30.	Қазіргі қазақ тілінің лексикологиясы мен фразеологиясы	Мақсаты - қазақ тіл білімінің лексикология мен фразеологиясы саласы бойынша студенттерге жүйелі ғылыми-теориялық білім беру, сөз мағыналарын терең тану, лексикологияның өзекті мәселелерін ашу дағдыларын қалыптастыру. Курста семасиология, сөз мағынасының түрлері, сөздің көп мағыналылығы, лексикалық омонимдер, антонимдер, синонимдер, табу және эвфемизмдер, қазақ тілінің сөздік құрамы, сөздік құрамның тарихи арналары, фразеология, лексикография, этимология оқытылады.	5									+		
31.	Қазіргі қазақ тілінің семасиологиясы	Мақсаты – студенттерге жалпы семантиканың қазақ семасиологиясымен және басқа да тілдердің семасиологияларымен арақатынасы сияқты мәселелердің теориялық-практикалық негізін ұғындыру. Студенттер семасиология ғылымын, зерттеу нысанын, семасиология және ономасиологияны, сөз, оның белгілерін, сөз және ұғымды, сөздің лексикалық мағынасын, сөздің грамматикалық мағынасын, денотаттық, сигнификаттық мағынаны, лексикалық мағынаның түрлерін, типтерін, лексикалық мағынаның микрокомпоненттерін, макрокомпоненттерін меңгереді.	5									+		
32.	Қазіргі қазақ тілінің морфологиясы	Мақсаты - сөздердің тұлғалық өзгеруі, сөз және оның формаларын қарастырудың жолдары мен тәсілдері, сөздердің өзгеріске ұшыраған түрлері мен топтарға бөлінуі, сөздердің өзіне тән грамматикалық сыр-сипаты жөнінде студенттерге терең теориялық білім беру, тілдік тұлғаларға практикалық тұрғыда талдау жасауға үйрету. Курста морфологияның басты сұрақтары, яғни сөз топтастыру мәселесі, күрделі сөздер сипаты, сөз таптары қарастырылады.	5									+		
33.	Қазіргі қазақ тілінің морфонологиясы	Мақсаты – студенттердің фонетика мен морфонологияның төл нысандарын ажырата білуге үйрету, тақырыптық негізгі белгілерге байланысты іскерлік пен дағды қалыптастыру. Курста морфонология, оның зерттеу нысаны, бірліктері, қазақ морфонологиясының зерттелуі, фонетика, морфология	5									+		

		және морфонология айырмашылықтары, қазақ тіліндегі морфонологиялық құбылыстар, морфонологиялық дыбыс алмасулар, апакопа, гаплоглогия құбылыстары, морфонема оқытылады.													
34.	Қазіргі қазақ тілінің синтаксисі	Мақсаты - қазіргі қазақ әдеби тілінің синтаксистік жүйесін ғылымда әбден зерттеліп тұрақталған көзқарас тұрғысынан танып білу, сипаттау, әдеби тіл нормаларын игеруіне көмектесу, болашақ мамандарға қажет тілдік әдістемелік білімді меңгерту. Курс синтаксис туралы түсінікті меңгерте отырып, сөз тіркесінің түрлерін, сөйлем түрлерін, сөйлем мүшелерін, сөйлемнің құрылымдық типтерін, бөгде сөз, оның түрлерін оқытады.	5										+		
35.	Синтаксистік синтагма	Пәннің мақсаты синтагма туралы түсінікті қалыптастырып, синтагма түрлері мен синтагманың қызметін, сөйлемдегі синтагма түрлерін анықтау арқылы сөйлемдегі синтаксистік байланыс түрлерін ажырата білуге бағытталған. Курсты оқытуда синтагма туралы түсінік, түрлері мен қызметі, синтагмалық қатынас, синтагмалық процесс, сөйлемдегі синтагма түрлері: предикативтік, объективтік, сөйлемдегі синтаксистік байланыс түрлері қарастырылады.	5										+		
36.	Ерте ғасырлардағы қазақ әдебиеті	Мақсаты - біздің заманымызға дейінгі жазу – сызулардан бастап, ХҮ ғасырға дейінгі әдебиет туралы біртұтас ұғым қалыптастыру, ежелгі әдебиетті көне тарихпен, көшпелілер мәдениетімен сабақтастыру, әр дәуір әдебиетінің өз ерекшеліктерін аңарту. Пән көне түркі әдебиетін, көне түркі жазба ескерткіштерін, Күлтегін жырларын. Қорқыт ата кітабын. Оғыз-наме, Әбу-Насыр әл-Фараби, М.Қашғари, Ж. Баласағұн, А.Иүгінеки, А.Яссауи, Хорезми және т.б. шығармаларын оқытады.	5				+								
37.	Орта және XV-XVIII ғасырдағы қазақ әдебиеті	Мақсаты - орта ғасырлық және хандық дәуірдегі әдебиетті, сол дәуірдегі жанр ерекшеліктерін меңгеру. Пән орта және XV-XVIII ғасырдағы қазақ әдебиетіне тән негізгі белгілер мен ерекшеліктерді, жыраулар кезеңін, Асан қайғы, Қазтуған, Доспамбет, Жиенбет, Ақтамберді, Үмбетей, Бұқар жырау, Тәтіқара ақын, Шал ақын, Жанак ақын шығармаларын, жыраулар шығармашылығының ақындық поэзиядан ерекшелігін оқытуға бағытталған.	5				+								
38.	XIX ғасырдағы қазақ әдебиеті	Мақсаты – студенттердің XIX ғасырдағы ел әдебиетін саралап, қазақ әдебиетіне қосылған жаңа есімдерді, тың проблема көтерген шығармаларды, поэзия, проза, драматургия, сын сияқты белді жанрлардың даму ерекшеліктерін айқындап, ажырата білу дағыларын	5				+								

		қалыптастыру. Пән ХІХғ. дәстүрлі айтыс өнерін, ХІХғ. сал-серілер өнерін, Махамбет шығармаларын, зар заман поэзиясын, Ш.Қанайұлы, Д.Бабатайұлы, М.Мөңкеұлы, Ш.Жарылғасұлы, А.Азаматқызы, Ә.Кердері, А.Мұхамедиярұлы, Ш.Уәлиханов, Ы.Алтынсарин, А.Құнанбайұлы. шығармаларын оқытады.													
39.	Дидактикалық әдебиет	Мақсаты - қазақ халқының тарихындағы құрметті тұлғалар туралы жазылған деректі және көркем әдебиеттерді саралау, ел әдебиетіндегі дәстүр сабақтастықтарын айқындап, қазақ әдебиетіндегі жанрлық ізденістерді ашып көрсету. Курс дидактикалық әдебиет жанрын, ғылыми, философиялық, моральдық, діни идеяларды, ғибрат ойларды білдіретін шығармаларды, дидактикалық көркем сөздегі мақал-мәтелдің, ақыл-нақылдардың, ертегі-эпостың әсерін, дидактикалық жанрда жазылған өлеңдерді, ағартушылық-ақылмандық дәстүрді оқытуға бағытталған.	5				+								
40.	XX ғасыр басындағы қазақ әдебиеті	Мақсаты - XX ғасыр бас кезіндегі қазақ әдеби бағыттары, қазақ әдебиетіндегі негізгі идеялары туралы терең білім қалыптастыру. Курста XX ғасыр басындағы қазақ әдебиетінің жанрлық және тақырыптық аясының кеңеюі (1905-1930), қазақ баспасөзінің дамуы, С.Торайғыровтың, Ш.Құдайбердіұлының, А.Байтұрсынұлының, М.Дулатұлының, Ж.Аймауытұлының, М.Жұмабаевтың, М.Сералиннің, С.Мұқановтың, Ғ.Мүсіреповтың және т.б. ақын-жазушылар мен драматургтардың шығармашылығы, қазіргі қазақ айтысы оқытылады.	5				+								
41.	Деректі әдебиет	Мақсаты – қазақ әдебиетінде танылған көркем шығармалардың деректілігіне, заман, уақыт ұсынған әлеуметтік құбылыстар мен проблемаларды саралау. Сондай-ақ жаңа ғасырға аяқ басқан ел әдебиетін саралап, қазақ әдебиетіндегі тың проблемаларға назар аудару. Деректі шығармаларды, поэзия, проза, драматургия жанрлық жағынан ерекшелігін ажырату және олардың даму ерекшеліктерін айқындап, ажырату.	5				+								
42.	Кеңестік дәуірдегі қазақ әдебиеті	Мақсаты - кеңес дәуіріндегі қазақ әдебиетінің даму кезеңдерін, көркем шығармашылықтың даму заңдылықтарын, әлеуметтік құбылыстар мен проблемаларды саралау. Пән кеңес дәуіріндегі проза жанрының тақырыптық тенденциялары, ақын-жазушылардың шығармашылығында Ұлы Отан соғысы тақырыбының қозғалуы, поэзияның жаңа көркемдік белестері, драматургияның дамуы, әдеби сын,	5				+								

		әдебиеттану тарихы мәселелерін, І.Есенберлиннің, М.Мағауиннің, Ә.Кекілбаевтің тарихи шығармаларын, қазақ романдарын, қазақ повестері мен әңгімелерінің жанрлық дамуын қарастырады.													
43.	1940-1980 жылдардағы қазақ әдебиеті	Мақсаты - XX ғасырдың соңындағы әдеби процесс пен әдебиет процесі мен тарихы туралы хронологиялық ұстанымды сақтай отырып, әдебиеттану ғылымының қол жеткізген бүгінгі табыстары негізінде студенттерге барынша толық нақты білім беру. Курс Қазақ әдебиеті тарихының XX ғасырға дейінгі кезеңдерін, қазақ әдеби сынының тарихы, әдебиет теориясы мәселелерін, ТМД халықтарының әдебиетін оқытуға бағытталған.	5				+								
44.	Қазіргі кезеңдегі қазақ әдебиеті	Мақсаты – студенттерге қазіргі кезеңдегі қазақ әдебиетінің даму кезеңдері мен әр кезең өкілдерінің шығармаларымен таныса отырып, әдеби шығармаларды талдау дағдыларын игерту. Курс қазіргі қазақ әдебиетінің даму кезеңдерін, қазіргі кезеңдегі драматургияны, қазақ әдеби сынының жайын, қазіргі қазақ сатирасын, қазіргі қазақ романдарын, повестерін, әңгімелерін, деректі прозасын, лирикасын, философиялық лирикасын, поэмаларын қарастырады.	4				+								
45.	Тәуелсіздік жылдарындағы қазақ әдебиеті	Мақсаты - қазақ әдебиетінің тәуелсіздік жылдарындағы даму бағыттарын, тәуелсіздік жылдарындағы қазақ романының ерекшеліктерін оқыту. Курс тәуелсіздік жылдарындағы қазақ әдебиетін оқытудың ғылымилық, жүйелілік және жоспарлылық ұстанымдарын, тәуелсіздік жылдарындағы қазақ әдебиетін оқытудағы оқушылардың саналылығы мен белсенділігі ұстанымын, қазақ әдебиетін оқытудың қолжетімділік, пәнаралық байланыс, көрнекілік, инновациялылық ұстанымдарын, қазақ әдебиетін оқытудың тәрбиелік мәнін қарастырады.	4				+								
46.	Түрік тілі (A1, A2)	Пәннің мақсаты - түрік тілінде сөйлесім әрекетінің оқылым, жазылым, айтылым, тыңдалым түрлерін меңгеруде көрінетін коммуникативтік дағдыларын қалыптастыру. Түрік тілінің фонетикалық, грамматикалық құрылымы, лексикалық құрамы оқытылады, оларды коммуникация процесінде әдеби тілге және айтылу сазына сәйкес дұрыс қолдана білуге үйретіледі. Түрлі мәтіндер мен коммуникативтік жағдайларда кездесетін негізгі әлеуметтік-мәдени және елтанымдық мәліметтер түсінігі қалыптасады.	5		+					+					
47.	Түрік тілі (B1, B2)	Мақсаты - түрік тілінде әртүрлі диалог құру, алуан түрлі жанрдағы мәтіндермен жұмыс жасау, шығарма және	5		+					+					

		мазмұндама жазу арқылы түрік тілінде ауызша және жазбаша сөйлеу әрекетін жетілдіру. Пәнді оқытуда түрік тілінің фонетикалық, грамматикалық құрылысын, лексикалық құрамын терең меңгеру, оларды әдеби тіл нормасына сай түрлі ситуациялар мен мәтіндерде дұрыс қолдана білу көзделеді.												
48.	Түрік тілінің тарихы	Пәннің мақсаты - түрік тілінің даму тарихы туралы білім беру. Пән қазіргі кездегі түрік тілінің жазба ескерткіштері мен олардың орналасқан жері, тарих пен географияда сақталу жәрежесі туралы мәлімет береді, түрік тілінің көне тарихы мен қалыптасу, даму ерекшелігін оқытуды көздейді.	4		+					+				
49.	Түркітану	Пәннің мақсаты - түркі тілдерінің зерттелуі мен дамуы, қалыптасуы жайынан түсінік беру; түркологияның негізгі проблемалары және оның қазіргі міндеттерімен таныстыру. Курс білім алушыларға түркі тобына қандай халықтар мен тілдер жататыны, ондағы ірі тілдер мен тілдік топтардың өзіндік қалыптасуы, ерекшелігі туралы білім беруге бағытталған.	4		+									
50.	Түрік тілі (C1, C2)	Мақсаты - студенттердің түрік тілінің грамматикалық құрылысы туралы білімін шыңдау, яғни грамматикалық ережелерді меңгерту, жазбаша жұмыстарды орындау дағдыларын дамыту. Курсты оқытуда жиі және сирек қолданатын сөздік қорын молайту, түрік тіліндегі құрмалас сөйлем түрлерін меңгерту, түрлі тақырыптағы күрделі мәтіндерді талдау, грамматикалық ережелерді сөйлеу мен жазуға үйрету көзделеді.	5		+					+				
51.	Түрік тілінің ауызша және жазбаша сөйлеу практикасы	Мақсаты – студенттердің түрік тілін меңгеруі аясында мүмкін болатын ауызша және жазбаша еркін сөйлеу, әрі аударма жасай алу күзіреттілігін қалыптастыру, аударма процесінің заңдылықтарын игеру. Пәнді оқытуда аударма процесінің негізі, тілдің грамматикалық құрылысы мен ережелері түсіндіріледі, студенттерді қазіргі аударма теориясының негіздерімен таныстыра отырып, олардың аудармашылық дағдылары мен қабілеттерін ұштау көзделеді.	5		+					+				
52.	Практикалық түрік тілі	Пәннің мақсаты - түрік тіліндегі арнайы мамандық бойынша терминдерді меңгеру, кәсіби сипаттағы мәліметтерді түсіне білу, мақсатты түрде ақпарат алмаса білу, кәсіби қарым-қатынаста дайындықсыз сөйлесуге дағдылану. Студенттер түрік тілінің грамматикалық құрылысы мен ерекшелігін, негізгі заңдылықтарын игереді, ойлау, сөйлеу мәдениетін қалыптастырады,	5		+					+				

		ақпаратты түсініп талдауға үйренеді, ауызша және жазбаша қарым-қатынас жасауға жаттығады.														
53.	Орта ғасырдағы түркі тілдері (қарахан-хорезм-қыпшақ тілдері)	Курс студенттердің Қараханидтер кезеңінде түркі жазуының ерекшеліктері туралы түсініктерін қалыптастыруды көздейді. Студенттер Қарахан мемлекетінің тілі, қарлұқ-хорезм тілдері, қыпшақ тілдері туралы деректермен танысады. Қараханидтер кезеңіндегі түркі жазбаларының жетістіктері туралы зерттеулерді, ғылыми еңбектерді меңгереді ⁷	4		+											
54.	Орта ғасырдағы қазақ тілінің тарихы	Пәннің мақсаты - ортағасырлық түркі жазба ескерткіштері тілін оқыту. Курста «Қутадғу біліг» (XI ғ.), Махмұд Қашғаридың «Диван лұғат ат-түрк» атты еңбегі (XI ғ.), Иүтнекидің «Һибатул хакайик», Рабғузидің «Қысас ул-анбия», Абу Хайанның «Китаб ал-идрак ли-лисан ал-атрак» атты шығармасы, «Ортаазиялық тефсир», Саифи Сарайдың «Гүлистаны», Құтбтың «Хұсрау-Шырын», Хорезмидің «Мухаббат-наме» жазба ескерткіштері оқытылады.	4										+			
55.	Түрік фольклоры	Түрік фольклорының көп қырлы табиғаты мен қалыптасу, даму, таралу, сақталу ерекшелігі туралы білім беру мақсаты қойылады. Студенттерге түрік тіліндегі фольклорлық шығармалардың мазмұны мен жанрлық ерекшеліктері таныстырылады. Студенттер түрік фольклорының дамуы мен қалыптасу кезеңдері, түрлері жайында білім алады.	5					+								
56.	Фольклорлық зерттеулер әдістемесі	Пәннің мақсаты - білім алушылардың фольклористика ғылымының әдіснамасы туралы және түркі халықтары фольклорының жанрлық түрлері мен ерекшеліктері жайында түсінігін қалыптастыру. Пәнді оқыту барысында студенттер түрік әдебиеті мен фольклорының әр кезеңдегі көрнекті өкілдерінің шығармашылығы туралы да мәлімет алады. Сонымен қатар фольклорлық мұраларды зерттеу әдістерінің ерекшеліктерімен таныс болады.	5					+								
57.	Қазіргі түрік әдебиеті	Курстың басты мақсаты - қазіргі түрік әдебиетінің көркемдік даму процесіне тән тенденцияларды, оның басым бағыттарын қарастыру, әлемдік көркемдік даму процесінде түрік әдебиетінің орнын анықтау. Студенттер қазіргі түрік әдебиетінің дамуын талдауға арналған жаңа теориялық еңбектерді, қазіргі түрік әдебиетінің тарихында ерекше орын алатын көрнекті жазушылардың шығармашылығын оқиды.	5					+								
58.	Түркі халықтары	Пәнді оқытудағы мақсат - туыстас түркі халықтарының әдебиеті жайында, ақындары мен жазушыларының өмірі	5					+								

	әдебиеті	мен шығармашылығы туралы білім беру. Әсіресе, қырғыз, татар, түрік, азербайжан, өзбек, башқұрт, қарашай, балқар, қарақалпақ, түркімен, т.б. түркі халықтарының көркем әдебиетінің қалыптасу, даму кезеңдерін, көрнекті өкілдерін, олардың әдеби туындыларының көркемдік ерекшелігін, тақырыптық сипатын, өзіндік ерекшелігін таныту көзделеді.													
59.	Іскери түрік тілі	Пәннің мақсаты - мәдениет аралық қарым-қатынаста қажетті деңгейде арнайы құзіреттіліктерді қалыптастыру, дамыту. Сондай-ақ іскерлік кездесулер, келіссөздер жүргізу, халықаралық іскерлік ортада таныстырылымдар өткізу бағытында тілді кәсіби міндеттерді жүзеге асыру үшін қолдана білуге үйрету. Сөйтіп нақты қарым-қатынаста тілдің қатынас құралы қызметін жүзеге асыруға қол жеткізу.	5						+	+					
